

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ “СОҒЫС” КОНЦЕПТІСІ (М.МАҚАТАЕВТИҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ НЕГІЗІНДЕ)

*Момбек А.А.¹

*¹PhD докторант, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Алматы, Қазақстан

e-mail: mombekainur@gmail.com

Аңдатпа. Аталған мақалада соғыс тақырыбында жазылған шығармалар тарихи әлеуметтік-мәдени контекстте қарастырылды.

Ғылыми-зерттеу мақалада көзделген негізгі мақсат - соғыс тақырыбына жазылған шығармалардағы “соғыс” концептісінің танымдық ерекшелігін айқындау.

Зерттеу нысанына әлем әдебиеті мен қазақ әдебиетіндегі соғыс тақырыбына жазылған шығармалардың мазмұндық ерекшеліктері негізге алынды. Оларды анықтау барысында майданға қатысқан ақын-жазушылардың шығармаларындағы соғыс тақырыбы сараланды. Майданға қатысқан және жастық не балалық шағы соғыс жылдарына тап келген ақын-жазушылар шығармалары басшылыққа алынып, зерттеу тақырыбына арқау болды.

Жұмыстың ғылыми маңыздылығы ретінде соғыс тақырыбына жазылған шығармаларға салыстырмалы-тарихи талдау жасау арқылы жеңген не жеңілген тарап ақын-жазушылары туындыларындағы соғыс концептісінің танымдық ерекшелігі қарастырылатынын айтуға болады. М.Мақатаев туындыларының көркемдік поэтикасы, тілдік құрылым ерекшеліктері тұрғысында зерттеу еңбектері жүргізілгенімен туындыларындағы соғыс тақырыбы тұрғысынан талданбағаны анықталды.

Зерттеу барысында М.Мақатаевтің тура не жанама түрде соғыс тақырын сипаттайтын туындыларының танымдық ерекшеліктеріне талдау жүргізілді. Қазақ және әлем әдебиетіндегі “соғыс” концептісін талдауда салыстырмалы-тарихи, компартивистикалық әдістер қолданылды.

Зерттеудің нәтижелері ретінде: М.Мақатаев шығармаларының негізгі идеялық мазмұны қарастырылып, туындыларындағы “соғыс” концептісінің танымдық сипаты айқындалды. Қазақ әдебиетіндегі соғыс тақырыбына жазылған шығармалар мен “жоғалған ұрпақ өкілдерінің” туындылары арасындағы ерекшелікке талдау жасалды. Мұндай ерекшеліктің орын алуы, бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстың саяси-аймақтық ықпалымен байланысты. Сол себепті әдебиет тарихында соғыс тақырыбында жазылған туындылар өзекті болып табылады.

Жүргізілген зерттеу жұмысы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі “соғыс” концептісінің ерекшелігін анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижесінде жасалған ғылыми тұжырымдар Мұқағали Мақатаев туындыларындағы танымдық ерекшеліктерді анықтауға негіз болады.

Мақаланың практикалық маңызы: зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында «Қазақ әдебиеті», «Әдебиеттану», «Әлем әдебиеті» пәндерін оқытуда, аталған пәндер бойынша семинарларда қолдануға болады. Жұмыстың нәтижелері осы саладағы зерттеу жұмыстарына септігін тигізеді.

Тірек сөздер: жоғалған ұрпақ өкілдері, құрылымдық концепт, соғыс концептісі, қазақ әдебиеті, соғыс тақырыбы, жорық жырлары, катарсис, фольклор, әдеби талдау

Негізгі ережелер

Ежелгі тайпалық-рулық қауым қалыптасқаннан бастап екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі қазақтың дәстүрлі танымында “соғыс” ұғымы ел қорғау, ерлік көрсету мен батырлардың сынға түсетін алаңы ретінде қабылданды. Әскері мықты елдер территориясын кеңейтіп, атағын аспандату үшін жорыққа аттанып соғыс ашса, енді бірі шапқыншылардан елін қорғау, тәуелсіздігі мен теңдігін сақтап қалу үшін соғысты. Елдің геосаяси мәселелерін шешудің бір жолы ретінде қарастырылды. Тайпа-ру ішінде қанаушы тапқа қарсы, әділеттілікке қол жеткізу мақсатында соғысты. Соғысу, соғысқа қатысып ерлік көрсету көшпенділерде жас баланың ер азамат атануы инициациясы ретінде қабылданды. Бұл ретте “соғыс” әдебиетте оқиғалар желісіндегі сюжет шиеленісін тудырушы қызметін атқарды.

Екіншіден, эпикалық батыр бейнесін қалыптастырудың бір жолы ретінде танылды. Тасқа қашалған тарихымыз “Күлтегін” жырында “Бастыны еңкейттім, тізеліні бүктірдім” деп бейбіт өмірге жету жолындағы күрес пен сол күрестегі қаған билердің ерлігі жырланады. Кейіннен бұл эпостық жырларда өзінің жалғасын табады. Алпамыс батыр жауы Тайшық ханды жеңіп, Ұлтан құлдан елін азат еткеннен кейін, Ер Төстік ағаларын тауып жауын жеңгеннен кейін (ертегілердегі батырдың жауы реалды кейіпкерлер ғана емес ирреалды кейіпкерлер ретінде де беріледі (Мыстан, Бекторы) мақсатына жетеді. Қозы Қодарды жеңгеннен кейін, Төлеген Жібектің елін жаудан қорғағаннан кейін ғана сүйіктісіне қосылады. Эпостық жырлардың сюжетіндегі орын алуы тиіс оқиғаның негізгі компоненті ретінде беріледі. Халқымыздың ертегілері мен қаһармандық эпостардың барлығында батырдың ерлігінің жырлануы мұның дәлелі. Тек қазақ халқының жырларында ғана емес өзге де халықтардың фольклорында кездесетін құбылыс.

Кіріспе

Ауыз әдебиетінде қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы жорықтарында Бөгенбай, Наурызбай, Қабанбай, Қарасай, Райымбек сынды батырлардың ерлігін дәріптейтін батырлық жыр-дастандар тарады. Бұл батырлардың соғысы елді жаудан қорғау, ел тәуелсіздігін сақтап қалу мақсатындағы ұрыс. Ел аузындағы “Қанды соғыс ерге сын, қаптаған жау елге сын”, “Ер ел үшін туады, ел үшін өледі” сынды мақалдар арқылы да ерлердің елді қорғауы басты міндеті мен парызы ретінде дәріптеледі. Бұл әдебиетімізде жыраулар поэзиясы, батырлық дастандар арқылы көрініс тапты. Ақын-жыраулар батырлардың ерлігін жырлаумен қатар халықты елін қорғауға, жауға қарсы шығуға, бірлікке, ерлікке үндеу, намысын қайрау мақсатында айтылды.

Ұлт азаттығы жолындағы көтерілістер батырлардың жорықтарымен үндес болып келеді. Қанаушы тапқа қарсылық, теңдікті қалап, әділдікті іздеу мақсатында болды. Яғни соғыс тәуелсіздікке жету жолындағы жасалу міндетті қадам ретінде қарастырылады. Ұлт-азаттық көтеріліс басышыларының бірі Махамбеттің жорық жырлары ақынның жеке психологиялық сезімін жеткізу, таным-көзқарасын білдіру үшін ғана емес халықтың рухын көтеріп көтеріліске шақыру мақсатында да айтылған. Исатай

ел адамы ақсақалдарымен келелі кеңесте отырғанда, Махамбет айналадағы ауыл-ауылды аралап жүріп, өлең-жырмен жұртты қыздырып, желіктіріп, артынан шұбыртып отыратын болған [1, 270 б.].

Академик З.Қабдолов Махамбеттің жырларын “Жорық жырлары” деп атаған. Бұл жағдайда да көтеріліс, соғыс ел мүддесін көздеу негізінде қарастырылып, соғыстың зардаптары, соғыс әкелген моральды, материалды қиыншылықтар екінші орынға ығыстырылады. Елдің тәуелсіздігі, басты мәселе ұлттық мүдде болды. Жыраулар поэзиясында “соғыс” өздері куә болған ұрыстар мен ондағы батырдардың ерліктерін дәріптеу, утопиялық қоғамға жету жолының құрамдас бөлігі ретінде берілді.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Зерттеу барысында отандық және шетелдік ақын-жазушылардың соғыс тақырыбында жазылған еңбектері негізге алынды. Оның ішінде Шерхан Мұртаза, Мұқағали Мақатаевтің аталған тақырыпқа байланысты туындылары когнитивті-танымдық тұрғыдан әдеби-тарихи контексте қарастырылды. Қазақ және әлем әдебиетіндегі “соғыс” концептісін талдауда салыстырмалы-тарихи және компаративистикалық әдістер қолданылды. Қазақ әдебиетіндегі соғыс концептісінің репрезентациялану тарихын талдау барысында олардың ортақ заңдылықтары мен ерекшеліктері анықталды. Отандық ғалымдардың аталған тақырыпты зерттеудегі ғылыми-теориялық еңбетері мен әдебиеттануға тән зерттеу әдіс-тәсілдері пайдаланылды.

Нәтижелер

Мақаладағы тұжырымдар соғыс тақырыбында жазылған шығармаларды саралап, талдауды басқа қырынан қарастыруға жол ашады. Әр дәуір мен кезеңге байланысты “соғыс” концептісінің деформацияланып отырғаны анықталды. Әлем әдебиеті мен қазақ әдебиетіндегі соғыс тақырыбына жазылған шығармалардың танымдық ерекшелігіне талдау жасалды. Кеңес өкіметінің құрамында болып, соғыста жеңген тап тарапынан баяндалатын шығармалар мен оларды әдеби тұрғыдан бағалаудағы еңбектердің объективизмнен алшақтықты байқаймыз. М.Мақатаевтің туындыларындағы “соғыс” концептісінің репрезентациялану ерекшелігі анықталып, оларға талдау жасалды. Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесін ғылыми жұмыстар жазуда; орта, жоғары мектепте әдебиет пәнін оқытуда пайдалануға болады.

Талқылау

Адамды қоғам қалыптастыратындықтан заманның саяси-тарихи оқиғалары адам танымына тікелей әсер етеді. Қоғамда қалыптасқан саяси идеология адам танымын айналып өтпейді. Себебі адам өз заманының туындысы. Ақын-жыраулар поэзиясындағы концепт деп танылған бірліктің беретін ұғым түсінігін тану арқылы жеке адамнан бастап, белгілі бір қоғамдық топтың, бүкіл бір ұлттың, халықтың ой-өрісін, дүниетанымының ерекше белгілері, ұлттық ерекшелігі анықталады [2, 35 б.]. Кеңес өкіметі кезеңінде де “соғыс” концептісі жоғарыда аталған шеңбер аясында танылды.

Қазақ әдебиетінде соғысқа қатысқан бірқатар ақын-жазушылар бар. Б.Момышұлы, М.Ғабдулин, Қ.Қайсенов, С.Мәуленов, Қ.Аманжолов, И.Есенберлин, Т.Ахтанов, А.Шарипов, Т.Жангелдин, Ж.Саин шығармашылығы соғыс тақырыбын айналып өткен жоқ, тікелей соғыспен байланысты болды.

Бір ерекшелігі батыста соғыстан кейінгі болашаққа деген пессимистік көзқарас, үрей мен сенімсіздік, құлдыраған көңіл күйді білдіретін туындылар жарық көрді. Ал кеңес дәуірі кезіндегі қазақ әдебиетінде “жоғалған ұрпақ” тақырыбы қалыптасқан идеология мен саясатқа байланысты идеалды совет ұжымы концепциясына сай келмегендіктен тыйым салынған тақырыптар қатарында қалып қойды.

Себебі кеңес өкіметінің идеологиялық саясаты аталған ағымның қазақ әдебиетінде орын алуына жол бермеді. Олардың туындыларындағы негізгі ой “Отан, Отан алдындағы борыш, ерлік, батылдық, рухты” дәріптейді. Мұнда да ұлттық мүдде, Отанды қорғау, сол кездегі саяси идеологиямен ұштасып жатты. Бұл жайында екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы мерзімді басылымдардың тілдік ерекшелігін зерттеген Жұмағазина Р. Қ. өз еңбектерінде: “...газеттерде жарияланған кез-келген мәтін белгілі бір мәдени ортаның белгілерін, мәдениет бірліктерін, идеология мен идеяның элементтерін бойында сақтап, жинақтайды әрі сол арқылы ықпал жүргізу, әсер ету функциясын іске асырады. Соғыс жылдарындағы газеттер де советтік идеологияның үлгісі болып танылады” [3, 25 б.]-дейді.

Кеңес өкіметі тұсында қазақ ақын жазушыларының “соғыс” тақырыбындағы туындыларының жиі жарық көруінің негізгі себептерінің бірі саяси идеологиямен тікелей байланысты болды.

Соғыс жылдарындағы беделге сүйену дәйектемесінің ғалымдар атап көрсетіп, арнайы тоқталмаған тағы бір түріне газет көздеген мақсаттың және газет арқылы партия саясатының іске асуының дәлелі ретінде нақты беделді адамдардың мақалаларын жариялаумен қол жеткізуін жатқызуға болады. Сонда беделге сүйенудің төртінші тәсіліне қоғам қайраткерлері мен тұлғалардың, соғыс кезінде ерлік көсеткен жауынгерлердің, Совет Одағы Геройларының (Батырларының) авторлығымен жазылған мәтіндердің жариялану жатады [3, 37б.].

Кеңес өкіметі тұсында “соғыс” тақырыбының идеологиялық мәні басым болды. Бұл кезеңде де “соғыс” халық танымында соғыс салдарына аса мән берілмеді. Соғыстың адам санасына психологиялық, танымдық тұрғыдағы кері әсері, құндылықтар қайшылықтары туралы сөз қозғалмауының астарында саяси идеологияның негізі жатты.

Керісінше әлем әдебиетінде бірінші дүниежүзілік соғысты бастан кешіп, соғыс тақырыбы шығармаларына арқау болған бірқатар жазушылар “жоғалған ұрпақ” өкілдері ретінде таныла бастады. Олардың шығармалары 20-30 жылдардың аралығында жарық көріп, соғыстан кейінгі рухани тоқырау мен соғыс салдарының адам табиғаты мен танымына әсерін сипаттайтын сарын алды: Ф.С.Фицджеральд “Жұмақтың осы жағы” (1920), Э. Хемингуэй “Арайлап атқан таң” (1926), “Қош бол, Майдан” (1929), У. Фолкнер “Сарбаздың

марапаты” (1926), Дос Песос “Үш жауынгер” (1921), Э.М.Ремарк “Батыс майданда өзгеріс жоқ” (1929). Бұл туындыларда соғыстың қарапайым халыққа қайғы мен азаптан басқа әкелері жоқ деген ойлар айтыла бастады. “Жоғалған ұрпақ” өкілі жазушыларының шығармалары сол кездегі мәселелер мен құлазыған көңіл-күйдің куәсі болды ” [4, 4 б.]. Еуропада халық алдында жазалау, гильотинамен адамды өлім жазасына кесу қоғамдағы қылмысты азайтуы керек болғанымен, керісінше ол қоғамда адамдардың агрессиясын арттырып, қылмыс көбейе түскен. Сол секілді, жеңген не жеңілген тарап сарбаздарының ерлігін сөз ету, соғысты жырлау сарынындағы шығармалар ұлттық рухты көтерудің құралы бола алмады. Соғыстан кейінгі құлдыраған көңіл-күйді, рухани тоқыраудың орнын толтырмады. Бейбітшілік саласындағы Нобель сыйлығының лауреаты Тереза “Мені соғысқа қарсы қозғалысқа шақырсаңыздар келмеймін, бейбітшілікті қолдайтын қозғалысқа шақырсаңыздар сіздерге қосыламын” деген екен.

Кейінірек әдебиетте 40-50 жылдар аралығындағы авторларды да “жоғалған ұрпақ өкілдеріне” жатқыза бастады. Себебі екеуін де жақындастыратын ортақ “соғыс” тақырыбы мен оның салдары, адамзат танымы мен құндылықтарына еткен әсері болатын. Бұл жайлы 40-50 жылдар аралығындағы француз әдебиетін зерттеген Витман Т.Б. төмендегідей тұжырым жасайды: “Жұтаған цивилизацияның құндылықтарына қарсы көзқарас пен ақталмаған үміттің кесірінен пайда болған құлазу сезімі “Жоғалған” ұрпақ өкілдерінің екеуін де жақындастырады” [5, 4 б.].

Бірінші дүниежүзілік соғыс пен екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қалыптасқан жазушылар легі мен олардың өзіндік ерекшеліктері бар екені даусыз (идеология, саясат, заман ағымы тұрғысында). Бірақ екеуінде де адами құндылықтар, дағдарыс, тоқырау, соғыстың салдары сынды мәселелерді айналып өтпеген. Бұл жоғалған ұрпақ өкілдерінің ортақ тақырыптарының біріне айналған. Э.Хемингуей сынды екі соғысты да басынан кешкен жазушылардың болуы да кейінгі кезде әдебиетте жоғалған ұрпақ өкілдері ретінде екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі ақын жазушыларды аталған ұрпақ қатарына қосып айтуға себеп болды. Америка әдебиетіндегі соғыс және бейбітшілік мәселесін зерттеген ғалым Муратова Э.Д. бұл жайлы: “Балалық шағы депрессия жылдарына қатар түскен қырықыншы жылдардың ұрпақтары, ешкімге керек болмай қалған кезде екінші дүниежүзілік соғысқа тап келді. Оларда әлемді өзгертеміз деген жалған сенім болмады. Соғысқа дейін өзін таппаған ұрпақ, соғыстан кейін де өзін таба алмады” [4, 152б.] - дейді.

Аталған ұрпақ өкілдері романдарында соғыстың зардабы мен салдарын оқырманға басқа қырынан жеткізді, ендігіде соғыс деген таным, соғысқа деген көзқарас өзгере бастады.

Соғыс тақырыбында жазылған шығармалардың тағы бір қыры жеңген не жеңілген тап ақын-жазушыларының шығармаларындағы ерекшеліктердің болуы. Жеңген тап өкілдерінің туындыларында патриоттық рух, жеңіс эйфориясының әсері басым болады. Сол себепті де, посткеңестік кеңістікте соғыстың салдарын емес нәтижесін арқау еткен туындылар көп. Керісінше жеңіліс тапқан тараптардың бірі жапон әдебиеті соғыстан кейін өзінің даму

бағытын өзгертіп рухани катарсисті басынан өткізді. Г.Ж. Қансейітова соғыстан кейінгі жапон романдарының ерекшелігін талдай отырып төмендегідей тұжырым жасады: “Жапон милитаризмнің соғыстағы жеңілісі, жапон қоғамында жаңа дәуір басталды дегенді білдірді. Бұл дәуір, әрине, жапон әдебиеті тарихына да өз қолтаңбасын қалдырды. ... Өткеннен дәріс алуға деген жалпы қызығушылық нәтижесінде соғыста жақындарынан айырылғандардың қасіреті мен қайғысын бейнелеген және милитаризмнің күш-қуатын еш аяушылықсыз сынға алған шығармалар туындай бастады” [6, 69 б.]. Ғалым Кобо Абэ, Оэ Кендзабуро, Есиюки Дзиноске сынды жазушылардың соғыс тақырыбындағы романдарына талдау жасаған.

Бұл кұбылыс қазақ әдебиетінде соғысқа қатысқан ақын-жазушылардың шығармаларында байқалмағанымен, балалық шағы соғыспен сәйкес келген ақын жазушылардың шығармаларында орын алды. Соғыстың салған салдары, адам мінезі мен болмысына, адамгершілігіне еткен әсері ашық болмаса да айтыла бастады.

Ш.Мұртазаның “Мылтықсыз майдан” повесінде соғыстың салдары ауыл адамдарының тағдыры арқылы беріледі. Кейіпкердің “Жыла, Тотия! Соғыстың бетін тырналап шикандай қыл! Абыройын айрандай төк! Бүкіл жетім-жесір қалғандар қауымынан қарғағын қанды соғысты!” [7, 121б.] деген сөздерінен автордың соғысқа деген отаншылдық, пафостық көзқарасынан гөрі, оған деген қарсылығы мен реніші байқалады. Майданда жүрген сарбаздар секілді ауылда қалған адамдар да мылтықсыз майданда жүргенін жеткізеді.

Хасен Әлімқұловтың “Созвездия близнецов” романында ақын ханмен тілдесіп отырып, “Сонда соғыс ешқашан бітпейді ме?” деген сұрағына “Нет вечных вопросов, есть вечные причины”- деген жауап алады. Соғыстан кейінгі американдық, ағылшын жазушыларының туындыларында соғыс үлкен державалар арасындағы билікке, геосаяси үстемдікке ұмтылыс, оның қарапайым адамға қайғыдан басқа әкелері жоқ деген ой айтылады.

Қазақ әдебиетіндегі “соғыс” концептінің басқа қырдан танылып, жырлануы М.Мақатаев өлеңдерінен көрініс тапты. Әкесі соғыста хабарсыз кетіп, жастай жетім қалған ұрпақ өкілі ретінде ақынның танымында соғысқа деген көзқарасы басқа қырынан қалыптасады.

Ақын-жазушылардың дүниеге деген көзқарасы жеке және қоғамдық сана негізінде қалыптасады. Ғаламның концептуалдық бейнесі әрбір ақын жыраулардың санасында әртүрлі дәрежеде орын алып, тілінде түрліше көрініс табады. Оны анықтаушы мәліметтер ретінде оның білімін, жас ерекшелігін, өмірлік тәжірибесін, әлеуметтік жағдайын, өмірге деген психикалық көзқарасын, өмір сүрген дәуірін, т. б. атауға болады [2, 23б.].

Мұқағалидің поэзиясында “соғыс” концепт ретінде адам өмірбаяны, тағдырымен, қоғам тарихымен бірге ұштасады. Ақын жырларында соғыстың салдарынан туындаған бірнеше әлеуметтік мәселелер (адам психологиясындағы өзгерістер, жетімдердің тағдыры, жесірлердің басына түскен ауыртпалық, елдің экономикалық жағдайы, көкесін күткен бала, жалғыз ұлын күткен ана, жастай жесір қалған әйел) тарапынан сипаттайды.

Мұқағали өлеңдеріндегі соғыс концептісінің құрылымдық көрінісі төмендегідей беріледі.

“Сенің қандай аңсаймын “тамашанды” ?

Соғыс келді:

Жүрекке жара салды,

Шапан еттім төсенген алашамды,

Қамқор тұтып қауқарсыз қара шалды”[8,б.]. Сынды автордың соғыс туралы субъективті танымы - оның өлеңдеріндегі “соғыс” концептін тудырушы негізгі форма.

Мұқағали “Менен сұра” өлеңінде соғысты көрмесе де, соғыстың кесірінен жетім жесір қалғандардың зарын естігенін, соғыспаса да майданда жүрген солдаттардай жан салып еңбек еткенін, оның салдарынан әкесіздіктің не екенін білгенін, халықтың қалтасын қағып майданға бәрін бергенін, ауылдағы азаматтар майданға кетіп күші кеткен қарттар мен жас балалар аштан өлген қартты ақпанда тоңды тесіп үш күнде әзер көмгенін айтады. Соғыстың басқа салған ауыртпалығын тізбектеп келіп, сол қиындықты басынан кешкен, балалықтан ерте айрылған баланың соғысқа деген жеккөрінішін, ішіндегі ренішін, соғысқа деген көзқарасын былай жеткізеді:

“Соғыс деген аққан соры, ақсүйектің құлдың да,

Соғыс деген төккен ары қыздың және ұлдың да.

Соғыс деген жаралмаған жалғыз ғана қан үшін

Соғыс деген сор айдаған содырлардың табысы.

Соғыс деген сақаймайтын есуастар дәрісі” [8, 243 б.]. Өлең жолдарындағы соғыстың зардабын тартқан ұрпақтың санасындағы “соғыс” ұғымының жоғарыдағы айтылған “соғыс” ұғымынан өзгешелігін байқауға болады. Мұнда адам санасында ұлттық мүддені қорғаудың құралы, немесе қалыптасқан саяси идеологияны тарату жолы ретінде дәріптеліп, таңылған “соғыс” ұғымы мен, соғысты көрмесе де оның ауыртпалықтарын көрген қарапайым шаруа баласының санасындағы “соғыс” ұғымының айырмашылығын көре аламыз. Аталған өлеңнің соңғы шумағында:

Менен сұра, соғыстың тастап кеткен зардабын,

Ауыл қайтіп көтерді қан майданның салмағын,

Менен сұра, жас бала қайтіп әйел алғанын,

Менен сұра, жас қыздың қайтіп шалға барғанын...”[8, 245 б.]. Бұл жолдардан соғыстың адам санасына қалдырған ізінен бөлек, әлеуметтік тұрмыстық жағдайды да айналып өтпегені көрінеді. Әлеуметтік тұрмыстық жайға әсері дегеніміз, әкесінен айрылған жас баланың ерте қатаюуы, артынан ұрпақ қалсын, шырағы сөнбесін деп жас баланың ерте отау құруы, жарынан айрылған жесірлер мәселесі, әкесі соғыста қаза болдыға сенген некесіз туылған балалар тағдыры, жалғызын күткен ата-ана сағынышы, осы қиындықтардың адам танымына, психикасына әсері, ұлттық мінездің өзгеруі сынды аспектілерді қамтиды.

Ақын “соғыстың” бала танымында қалдырған ізін “Келді де соғыс деген ала шапқын, сайранын быт-шыт қылды бала шақтың” деген өлең жолдары арқылы, ұрланған балалық шағы жайлы баяндайды. Диалог еске алу

формасында жазылған “Әке аманаты” өлеңінде автор әкесінің майданға аттанар алдындағы өсиетін:

Сұстандырған суық лебі,
Соғыс жылы қыстың кезі.
Әкем сонда аймалап мені,
Аманат еткен мынау еді сөзі:

-Мен де сенің он жасыңда
Атадан жетім қалғанмын,
Аса ақылды болмасам да
Аманатын алғанмын,- деп жырлайды. Кейіннен, ақын әкесіз өсуі, оның мінезіне қалай әсер еткені жайлы былай дейді:

Мен әкемнің тәрбиесін көрмедім
Ал анамның ақылына көнбедім.
Тіпті кеше оқушылық кезде де

Тізгінімді ешбір жанға бермедім [8, 152б.]. Аталған өлең шумақтары ақынның 1968 жылы жазылған “Ұлыма” деген өлеңінен үзінді. Өлеңде автор өзі әке тәрбиесін көрмегендіктен өзінің ұлын тәрбиелеуде жіберген қателіктері үшін кешірім сұрайды. Ал оның негізгі түпкі себебі - “соғыс”. Сол кездегі баланың санасында қалдырған ізімен қатар, кейінгі ұрпақтың қалыптасуына да әсерін ақын өлеңдерінен аңғаруға болады. Өзге ақындардың өлеңдеріндегі “соғыс” тақырыбы Мұқағалидің өлеңдерінде басқа қырынан жырлануының бір себебі де осы.

Соғыс концептісі ақын өлеңдерінде “өзімдікі және өзгенікі” тақырыбымен қатар өрілген. Ол ақынның “Шаруа һәм жауынгер” өлеңінде “Білмеймін, бір қағынғыр соғыс салса, шалғайдағы шаруа жауапты ма?” деген сұрақ арқылы ұтымды көрініс табады. Соғысқа қарапайым шаруаның қандай қатысы барын, қалай ғана қолына қару алып, соғысарын елестете алмайды:

Білмеймін, сен аттың ба, жау атты ма?!
Тірідей тықты ма әлде абақтыға?!
Аранын ашқан шақта қанды ауыздар,
Қорғанып аттың ба әлде жалмауыздан?!
Білмеймін, қайтіп адам өлтіре алдың,
Үйінде көрмеп едім мал бауыздап?[8, 239 б.].

Ауыл азаматтарының соғысқа кетуі, елдегі тентектерді жөнге салатын адамдардың болмауын, олардың әйел-бала, шал-кемпірді көзге ілмеуіне әкелді. Ақын “Аға, мен тірімін” өлеңінде Кемпірбай атты ауыл адамының жолда адасып қалған баланы шанасына мінгестірмей, жол сілтемей өте шыққаны жайлы айтылады. Қысқы демалыс кезінде нағашысының аулына шыққан бала тоңып, әрең жүріп келеді. Алыстан қарауытқан адамды көріп, атына мінгестіріп әкетер деген ойда болады.

Аштық дейтін албасты наланы артқан,
Бала едім қорек іздеп бара жатқан.
Адамның баласы деп, қарайлап ем,
Қарандап көрінген соң қараң аттан, - дегенімен жолшыбай оны көрген адам шанасына мінгестірмей, оның адасып бара жатқанын да

айтпай жанынан өте шығады. Бала қысқы аязда адасып, түнде бір ауылға жетеді. Ауылдың шетіндегі үй иесі, жасы үлкен қарт мейірімді кісі екен, үйіне кіргізіп жылытады. Өлеңде ақын оны:

Үй иесі өзіңнен бөлек екен,
Бала десе, бәйек боп өледі екен.
Қайырымды қазаққа дөп келіпін,

Қазақ деген сен емес, бөлек екен,- деп еске алады. Жолдағы болған жағдайды естігенде қатты кейіп, тым болмаса нағашысының бұл тауда емес екенін, адасып бара жатқанын айтып жол сілтемегеніне ашуланады. Үлкендерді кейітіп, қазақ деген атқа сын келтіріп жүрген адамның жазасын беру үшін де қарт соғысқа кеткен басаласының оралуын күтетіні жайлы:

Қарт сенің біледі екен қылығыңды,
“Даярлап жүрмін, - деген, - құрығымды”
Қан майданнан баласы оралғанда,

Қалайда үзем деген жұлыныңды [8,248 б.], - деген жолдарда айтылады. Ақсақал баланы қысқы каникулы біткенше он бес күн асырап, жұмысын да істетпей, кейіннен баланы өзі аулына әкеліп тастайды. Өлең жолдағы баланы ертпей кеткен жолаушы туралы шағын сюжетке құрылған. Алайда, ақын мұнда бір оқиғаның көлеңкесі арқылы майданнан баласын күткен қария, әкесі соғысқа кетіп қарны ашып нағашыларын паналауға келген бала, елдегі жөнге салар ағалардың жоқтығын пайдаланып есірген адам арқылы соғыс жылдарындағы әлеуметтік жағдайды еске түсіреді. Соғыс жылдарындағы адамдардың бойынан көрінетін мейірімділік, қазақ танымына әкелген психологиялық өзгерістерді балалық шақтан қалған естелігі арқылы жеткізеді. “Жиі енеді” өлеңінде:

Қырық түтін шығады қырық тамнан,
Қырық торғай ұшады шыбық талдан.
Қырық әже күзетіп отырады,
Қырық ұлдың орынын суып қалған
Қыр басына қырық шал жиналады,
Бір-біріне тартуы сый қабағы
Бір-біріне отырар басу айтып,

Қайтесің деп тәңірдің кимағаны[8,136.]. Өлеңде соғысқа кетіп оралмаған ер азаматтар ауылының қалпы берілген. Автор ырғақты синтаксистік параллелизммен жеткізуге тырысады. Қайталау ретінде “қырық” санының қолдануы оның қазақ ұғымында өмірмен өліммен қатысты сакралды сан ретіндегі танымымен байланысты.

Ақын адам тағдыры тақырыбына аса назар аударады. “Өмірдастан” поэмасының “Дариға-жүрек” деген жетінші бөлімінде жары майданға аттанған ауыл әйелінің тағдыры жайлы сөз қозғалады.

“Сұңқардай едім жердегі,
Аққудай едім көлдегі...”
Дариға жүрек шөлдеді,
Дариға жүрек шөлдеді,

Сапардан жары келмеді, - деп жеңгесінің сағынышын әнге қосқанына сүйсінгенінен басталатын тарау

Кұзар жартастан орамал көрдім бұлғаған,
- Қош бол, тентек!.. (әзілдеп, сірә, тұр маған.)

Көк көйлек көрдім, қалықтап құздан зулаған [8, 251б.],- деген жолдармен аяқталады. Күйеуі соғысқа кетіп, сағыныш арқалаған әйелдер тағдыры тақырыбы М.Шахановтың “Ғайша” жеңгей өлеңінде де кездеседі.

Ақынның өлеңдері арнайы соғыс тақырыбында жазылмағанымен, өлеңдеріндегі адамдар тағдыры, мінез-құлқы, іс-әрекеттері осы тақырып мазмұнында. Автордың жеке танымы мен ұстанымдары өлеңдерде кейде тура берілмесе де, туындыдағы кейіпкерлердің дискурсы арқылы беріледі. Ақынның “Бала шақтан – болашаққа” деп аталатын поэмасы

1. Бесік бағындағы жылан
2. Алдымен көргенім аспан
3. Адам ата мен Хауа ана
4. Шаруа һәм жауынгер
5. Менен сұра
6. Аға мен тірімін
7. Дариға - жүрек
8. Қанаттарым менің
9. Атамекен деген тоғыз тараудан тұрады.

Бұл ақынның биографиясымен теңдес туынды. Аталған тараулардың алтауының мазмұны соғыспен байланысты. Бұл туындысы оның өмірдастаны деп қарастырсақ, демек ондағы өлеңдердің 66% соғыс тақырыбында жазылған. Мұқағали өлеңдерінде “соғыс” жағымсыз негативті қырынан репрезентацияланады.

Қорытынды

Ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетіндегі шығармаларға арқау болған негізгі тақырыптардың бірі - “соғыс” тақырыбы. Әлемде орын алған тарихи оқиғалардың барлығы әдебиеттен көрініс табады. Батыс елдерінде “соғыс” осы тақырыпта жазылған шығармалар легімен қатар әдебиетке “жоғалған ұрпақ” терминін ала келді. Жоғалған ұрпақ өкілдерінің шығармаларында “соғыс” - ұлы державалардың экономикалық-саяси ойыны, гуманистік ұстанымға қарсы, адами құндылықтарды жоюшы құрал ретінде сипатталды. Балалық немесе жастық шағы соғыс жылдарына немесе одан кейінгі тоқырау жылдарына тап келген жазушылар шығармалары арқылы осындай көзқарасты білдірді.

Қазақ әдебиетінде аталған тақырыптағы туындылар батыс әдебиетінен ерекшеленеді. Мұның басты себебі: Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде патша үкіметінің боданында, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде кеңес одағының құрамында болуы. Елдің бодан болып өз қарсылығын білдіре алмай биліктегі үкіметке тәуелді болуы әдебиетте де соғысқа қарсы көзқарастағы шығармалардың тууына тосқауыл болды. Кеңес дәуірінде әдебиеттегі соғыс

тақырыбы биліктің идеологиялық пропагандасы шеңберінен асырылмады. Майданға қатысқан ақын-жазушылар ұлықталып, мерзімді басылымдарда шығармалары жиі басылып тұрды.

Қазақ әдебиетіндегі “соғыс” тақырыбы

- а) оқиғалар желісіндегі сюжет шиеленісін тудырушы компонент;
- ә) эпикалық батыр бейнесін қалыптастырушы құрал;
- б) еркіндікке жетудің жалғыз жолы (жорық жырлары, жыраулар поэзиясында);
- в) саяси идеологияны насихаттаушы тақырыптардың бірі ретінде репрезентацияланды.

Тек XIX ғасырдың екінші жартысындағы ақын-жазушылардың туындыларында жанама болса да бұл тақырып адамзат баласының басына түскен трагедия тұрғысында беріле бастады. Аталған сарынды М.Мақатаевтің шығармаларынан кездестіруге болады. Ақын соғысқа деген көзқарасын кейіпкерлердің дискурсы арқылы білдіруге тырысқан. Өзінің өлеңдерінде соғысты жеңген жауынгердің үстем рухынан гөрі соғыстың салдарын көрген, ауыртпалығын басынан өткерген адам тағыдыры тұрғысынан сипаттайды.

ӘДЕБИЕТ

[1] Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: “Дәуір”, “Жібек жолы”, 2014. 7-том: Оқулықтар. 1929–1933. – 504 б.

[2] Жиренов С.А. XV-XIX ғғ.ақын-жазушылар поэзиясындағы “Өмір-өлім” концептісінің танымдық табиғаты : филол. ғыл.канд. ... дис. – Астана, 2007. – 165 б.

[3] Жұмағазина Р.Қ. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы мерзімді басылымдар тілінің ерекшеліктері : филол. ғыл.канд. ... дис. – Астана, 2009. – 121 б.

[4] Муратова Э. Д. Проблемы войны и мира в творчестве Джеймса Джонса: дис. ...канд. филол. наук. – М., 1981. – 201 с.

[5] Витман Т.Б. “Потерянное поколение” во французской литературе конца 1940-х - начала 1950-х годов: дис. ...канд. филол. наук. – Л., 1985. – 208 с.

[6] Қансейітова Г.Ж. Соғыстан кейінгі жапон романы // ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. –2011 – №2(55). – Б.69-73.

[7] Мұртаза Ш. Мылтықсыз майдан. – Жұлдыз 2, 1968. – 138 б.

[8] Мақатаев М. Аманат: Жыр жинағы. Құраст. А.Алтай. – Алматы: Атамұра, 2002. – 304 б.

[9] Иванова Л.В Современная советская проза о великой отечественной войне: дис. ...канд. филол. наук. – М., 1985. – 209 с.

REFERENCES

[1] Äuezov M. Şyğarmalarynyň elu tomdyq tolyq jinağy (Complete fifty-volume collection of Auezov’s works.). –Almaty: “Däuir”, “Jibek joly”, 2014. 7-tom: Oqulyqtar. 1929–1933. – 504 b. [in Kaz.]

[2] Jirenov S.A. XV-XIX ғғ.aqyn-jazuşylar poeziasyndağy “Ömir-ölim” konseptisiniñ tanymdyq tabiğaty (The cognitive nature of the concept "Life-death" in the poetry of poets-writers of the XV-XIX centuries). : filol. ғыl.kand. ... dis. – Astana, 2007. – 165 b. [in Kaz.]

[3] Jūmağazina R.Q. Ūly Otan soğysy jyldaryndağy merzımdı basylymdar tılıniñ erekselikteri (Features of the language of periodicals during the Great Patriotic War) : filol. ғыl.kand. ... dis.- Astana, 2009. – 121 p. [in Kaz.]

[4] Muratova E. D. Problemy voiny i mira v tvorchestve Jeimsa Jonsa (Problems of War and Peace in the Works of James Jones’): dis... kand.filol.nauk. – M., 1981. – 201 s. [in Rus.]

[5] Vitman T.B. “Poterännoe pokolenie” vo fransuzskoi literature konsa 1940-h - nachala 1950-h godov ("The Lost Generation" in French Literature of the Late 1940s - Early 1950s): dis. ...kand. filol. nauk. – L., 1985. – 208 s. [in Rus.]

[6] Qanseitova G.J. Soğystan keingı japon romany (Post-war Japanese novel) // QazÜU habarşysy. Şyğystanu seriasy. – 2011. – №2 (55). – B. 69-73. [in Kaz.]

[7] Mūrtaza Ş.; Myltyqsyz maıdan (War without weapons). – Jūldyz 2, 1968. – 138 b. [in Kaz.]

[8] Maqatayev M. Amanat: Jyr jınağy (A collection of works). Qūrast. A.Altai. – Almaty: Atamūra, 2002. – 304 b. [in Kaz.]

[9] İvanova L.V Sovremennaia sovetskaia proza o velikoi otechestvennoi voine (Modern Soviet prose about the Great Patriotic War): dis. ...kand. filol. nauk. – M., 1985. – 209 s. [in Rus.]

РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ КОНЦЕПТА “ВОЙНА” В КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ (НА МАТЕРИАЛЕ ТВОРЧЕСТВА М.МАКАТАЕВА)

*Момбек А.А.¹

*¹докторант, КазНУ имени Аль-Фараби

Алматы, Казахстан

e-mail: mombekainur@gmail.com

Аннотация. В данной статье рассмотрены произведения, написанные на военную тему в историческом социокультурном контексте.

Основной целью научно-исследовательской статьи является определение когнитивной специфики концепта «война» в произведениях, написанных на военную тему.

За основу взяты содержательные особенности произведений на тему войны в мировой и казахской литературе. В ходе исследования проанализированы основные особенности репрезентации концепта “война”.

Тема исследования ориентирована на произведения М. Макатаева, которые прямо или косвенно связаны с темой войны.

В ходе исследования концепта “война” в мировой и казахской литературе применялись сравнительный, также сравнительно-исторические методы анализа. Выявлены специфические особенности передачи концепта «война» в произведениях М.Макатаева. В произведениях представителей казахской литературы тема войны отличается от произведений авторов потерянного поколения, что отражается в художественном и историческом своеобразии содержания текста. Корни такого различия в том, что первая и вторая мировая война территориально и политически повлияли на представителей того или иного народа.

Научные выводы исследования вносят свой вклад в дополнение и углубление исследований, связанных с литературоведением.

Результаты исследования могут быть использованы при преподавании таких дисциплин, как казахская литература, мировая литература, литературоведение.

Ключевые слова: потерянное поколение, структурная концепция, концепт войны, тема войны, казахская литература, стихи о войне, катарсис, фольклор, литературоведческий анализ

CONCEPT OF “WAR” REPRESENTATION IN KAZAKH LITERATURE (ON M.MAKATAYEV’S WORK)

*Mombek A.A.¹

*¹PhD student, Kazakh National University named after Al-Farabi

Almaty, Kazakhstan

e-mail: mombekainur@gmail.com

Abstract. In this article, works written on military topics were considered in a historical socio-cultural context.

The main purpose of the research article is to determine the cognitive specifics of the concept of "war" in the works written on war topics.

The content features of works written on the theme of war in the world and Kazakh literature were taken as the basis. In the course of the study, the main ideological purpose of the works was analyzed.

The research topic is focused on M. Makataev's works. The scientific significance of the work is the cognitive feature of the concept of war in the works of poets and writers based on conducting a comparative historical analysis of works written on the theme of war.

The empirical and inductive comparative methods are used in the study as well.

In the works of representatives of Kazakh literature, the theme of war differs from the work of the authors of the lost generation. Thus, works written on this topic are relevant in the history of literature. The specific features of the transfer of the concept of "war" in Kazakh literature are revealed.

The scientific conclusions of the study contribute to the addition and deepening of studies related to comparative literature.

The results of the study can be used in teaching disciplines such as Kazakh literature, world literature, literary criticism.

Keywords: the lost generation, structural concept, concept of war, theme of war, the Kazakh literature, poems about war, spiritual catharsis, folklore, literary analysis

Статья поступила 20.02.2023